

АСАНҚАЙҒЫ ТУРАЛЫ АҢЫЗ-ЖЫРЛАРДЫҢ СЮЖЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТЕКСТОЛОГИЯСЫ)

Қ.Б. Алпысбаева*, Т.Т. Әкімова

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail: alpysbaeva-k@mail.ru

Мақалада Асанқайғы туралы аңыздардың негізінде туған жырдың екі нұсқасы қарастырылады. Нұсқалар арасындағы сюжеттік ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталады. 2006 жылы «Асанқайғы» атты зерттеу еңбекте басылым көрген мәтін Орталық ғылыми кітапханада сақтаулы түпнұсқамен жолма-жол салыстырылып, текстологиялық жұмыс жүргізіліп, басылымда кеткен кемшіліктердің себебі дәлелденеді. Аталған кемшіліктердің қалай жөнделгені сөз болады. Ал «Мәдени мұра» аясында жарияланған «Бабалар сөзінің» 100 томдық сериясы ғылыми басылым болғандықтан мәтіннің түпнұсқа негізінде дайындалғаны айтылады.

Түйін сөздер: жыр, текстология, аңыз, сюжет, түпнұсқа, фольклор, «Бабалар сөзі».

Кіріспе

«Асанқайғы» туралы жыр-аңыздар – түркітілдес халықтар арасына көп тараған әдеби мұраның бірі. Ол қазақ, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз арасына кең тараған. Мақалада «Асанқайғы» туралы жырлар, аңыздардың қолжазбалар қорында сақталған қазақ нұсқаларының жырлануы, хатқа түсуі, жариялануы, зерттелуі туралы ғылыми талдаулар жасалды. Жыр, аңыздың нұсқаларындағы Асанқайғы бейнесінің ортақ тұстары, олардың айырмашылықтары текстологиялық тұрғыда салыстырылды. Аңыз, жыр нұсқалары өзгеріске ұшырағанымен оның бас қаһарман бейнесінің өзгермейтіні ғылыми тұжырымдалды. Бұл – мақаланың өзектілігі. Асанқайғы жайында бірқатар ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды. Бұл орайда қазақ әдебиетін зерттеушілері мен ғалымдардың ғылыми еңбектерінде құнды ой-пікірлер келтірілген. Осы зерттеу еңбектері мақала жазу барысында басшылыққа алынды. Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-типологиялық, деректемелі, библиографиялық т.б. әдісі құрды. Мақаланы 2020-2022 жылдарға арналған «Қазақ текстологиясы: негізгі мәтін мен авторды анықтау (атрибуция) мәселелері» атты гранттық жобаға пайдалануға болады.

Ал мақаладағы тұжырымдар қазіргі буынның қазақ халқы рухани мұралары тарихын кең ауқымда оқып-тануына, мұраның халық жадында жаңғыруына, ұлттық сананың беки түсуіне, отансүйгіштік рухта тәрбиеленуіне жол ашады және гуманитарлық ғылымның барлық саласы ғалымдары, студенттер, магистранттар, докторанттар т.б. мамандардың іргелі зерттеулеріне ғылыми нысана, дереккөздері ретінде пайдаланылады деп ойлаймыз.

Негізгі бөлім

Асанқайғы Сәбитұлы – ақын, философ, түрлі аңыз-әңгімелердің кейіпкері. Ол XIV ғасырда ғұмыр кешкен. XV ғасырдың ортасында Алтын Орда ыдырайтын тұста алдымен Сарайда, кейіннен Қазанда өмір сүрген, әртүрлі хандардың қасында би болған. Егде тартқан шағында Шығыс Дешті Қыпшақ аймағына оралады. Өз халқының қиын тағдырына налып, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған», жамандықты білмейтін Жерұйықты іздеуге аттанады. Ол қазақ хандары Жәнібек пен Керейді Жетісу мен Дешті Шығыс Қыпшақтағы қазақ жерлерін біріктіруге үгіттеп, халықты бейбітшілік пен татулыққа шақырады. Яғни Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі болғаны тарихтан белгілі.

Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған «дала философы», осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін «қайғы» сөзі қосылып аңызға айналған [1; 218].

Асанқайғы туралы мұраны зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысында қолға алынды. Бүгінгі күнге дейін әдебиеттану ғылымының қалыптасуына үлес қосқан асантанушылар оның өмірі туралы, халық тағдырын бейнелеген шығармашылығы, ел мүддесі мен арман-тілегін білдіруші бейнесі туралы құнды пікірлер айта отырып, Асанқайғыға байланысты рухани мұраны өз еңбектеріне арқау етті. Асанқайғы жайында бірқатар ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды. Бұл орайда

Ш.Уәлиханов, Қ. Халид, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С.Мұқанов, Е. Ысмайлов, М.Ғабдуллин. Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Дербісәлиев, С. Қасқабасов, А.Сейдімбеков, М. Мағауин, Т. Кенжалы, Б.Мамиева сынды зерттеуші, ғалымдардың ғылыми еңбектерінде құнды ой-пікірлер келтірілген. Сол сияқты башқұрт ғалымы Г.Хусайнов [2; 63], ноғай ғалымы А. Сикалиев [3; 15], қарақалпақ ғалымы М. Нурмухамедов [4; 120-125], қырғыз ғалымы А.Акматалиев пен Р. Сарыпбеков [5] зерттеулерінде Асан толғауларының сарыны мен тарихилығы жөнінде ойлары бар.

Аңыздардың [6] және кейбір зерттеушілердің айтуынша Асанның әкесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғалам, құс, жан-жануардың тілін білетін, өзі көріпкел әулие, атақты саятшы болған. Ол баласы Асанды ес білгеннен осындай қасиеттерге баулып өсіреді. Сондай өнегелі, ұлағатты тәрбие көрген Асан жас кезінен-ақ туған халқының қамын, оның келешекте ірі де, іргелі ел болу жағын ойластыра бастайды. Сондықтан да ол жас болса да хан, сұлтан, би, бектермен бірге жүріп, оларға ақыл қосысады, ой-пікір жарыстырып, тайталасып ержетеді. Бозбала кезінен-ақ ол ақындық-жыраулық, шешендік, тапқырлық өнерді жете меңгереді. Ел, жер дауын, әдет-ғұрып мәселесін шешерде оның ақылдылығы, алғырлығы, кесімді, шешімді билік сөздері өзге би, шешендерден үстем боп шыға береді [7].

Асанқайғы шығармашылығында көтерілген мәселелер өмір, тіршіліктің мәні, халық тағдыры, қоғам жағдайы, хан мен халықтың арақатынасының өзекті мәселелерін арқау еткен философиялық-нақылдық жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып табылады. Халық арасына кең тараған, әр кезде хатқа түскен Асан туралы аңыздар мен ол айтқан толғаулар, ақыл, нақыл сөздер аз емес. Асан Сәбитұлының әдеби мұрасынан бізге жеткендері: «Құйрығы жоқ, жалы жоқ», «Қырында киік жайлаған», «Тақырлауға қонған қаз, тырна», «Әй, хан, айтпасам білмейсің», «Еділ бол да, Жайық бол», «Шабдылып жатқан халқың бар», «Заманыңды жамандап», «Есті көрсең, кем деме», «Бұ заманда не ғаріп», «Көлде жүрген қоңыр қаз», «Ердің құны сөз емес», «Жәнібекке айтқан толғауы» т.б. толғау, термелер. Бұл аталған толғаулардың қолжазбалары Орталық ғылыми кітапханадағы қолжазбалар қорында сақтаулы. Толғауларда елдің татулығы мен береке-бірлігін, жан-жақтағы жаудан қорғана білу мен бірігіп күш жинауды жырлаған. Осындай ақылға шақыратын көсем сөздерімен қазақ хандығының іргесін нығайтуға, саяси-рухани қалыптасуына тікелей атсалысқан жырау. Аталған толғаулар мәтіні «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» (1967), «Алдаспан» (1971), «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «XV-XVIII ғасырлардағы поэзия» (1982) және «Он ғасыр жырлайды» (2006), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (Шығармалары, 6-том. 1964) жинақтарында жарияланды.

Асанқайғы туралы алғаш пікір айтқан – тұңғыш қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов. Ол: «Әйгілі дала философы Асанқайғы Жетісудағы Жырғалаң деген жерде көшіп-қонып жүрген» деп жазады [1; 218]. Асанқайғы әдеби кейіпкер және шығармашылық тұлға ретінде қазақ пен қырғыздан басқа ноғай, башқұрт, қарақалпақ әдебиетінен орын алған. Асанның әдеби тұлғасы мен шығармашылық болмысын түйіндеп-тұжырымдаған дерек көзіне ден қойып сараласақ, өзінен соңғы ұрпақ әулие танып, «Асан ата» жайлы әрқилы мазмұн, әртүрлі сипаттағы әңгімелер халық арасына кең тараған. Ш. Уәлиханов, М. Ж. Көпеев сынды ғалымдар мен халық мұрасын зерттеушілер оның шығармаларын жинаумен айналысқан. Асанқайғының поэтикалық мұрасы XIX ғасырда жариялана бастады. Ол жайындағы алғашқы аңыз-әңгімелер «Дала уәлаяты газеттерінде» (Дала уәлаяты, 1897), одан кейін орыс зерттеушісі Г.Н. Потаниннің «Казах-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки» атты жинағында (Потанин, 1917), «Асанқайғы» (Лютш, 1883), «Асанқайғының Жерұйықты іздегені» (Қазақ ертегілері, 1957), «Асанқайғының жерге айтқан сұндары» (Шешендік сөздер, 1967), «Асанқайғы» (Тургайская газета, 1897), «Асанқайғы» (Крафт, 1890) жарияланды. Кеңес кезеңінде халық әдебиетіне қатысты жинақтарда, хрестоматияларда жиі жарияланып тұрды.

Асан – жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көксеген, сол хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсаған абыз. Асанқайғы елінің ең алдымен, көшпелі өмірге орай малы екі рет төлдейтін ырыс-берекесі мол, шөбі шүйгін, қысы жұтсыз, жазы жайлы мекен болуын, халықтың еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын Асанқайғы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» қоныс, кейде «Жерүйек», енді бірде «Жерұйық», немесе «Жиделібайсын» деп атаған. Ол алты жыл бойы жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел аралап шығады, әр қоныс, мекенге сын-баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. Жыраудың «Жерұйықты» (кейде «Жиделібайсын» делінеді) іздеуі атақты ағылшын гуманисті, утопиялық социализмнің негізін салушылардың бірі Томас Мордың «Утопиясы» (1516) мен италияндық философ, жазушы Томмазо Кампанелланың «Күн қаласы» шығармасындағы (1602) қиял-армандарымен ұштасып жатыр [8; 472].

Асанқайғы іздеген қонысын негізінен мал шаруашылығының ыңғайына қарай бағалап, сипаттайды. Мәселен, Асанқайғы Шыңғыс тауына шығып тұрып: «Мына жердің шөп бітісі ерекше екен. Бұл шөпті жеген мал құтырар, малды жеген адам құтырар, малдың еті мен сүті қуатты болған соң», – десе, Торғай өзенін: «Өзен екен аққан суы бал татыған, еті бар-ақ шабағы май татыған. Қыстауға тар, жайлауға өрісі жоқ... – деп бағалайды, яғни жердің шөбі мен суына ғана емес, аңына, құсына, балығына дейін назар аударады. Көкше төңірегін көргенде: «Күні жауын, түні ашық жер сорлысы мұнда екен, қатыны семіз, ері арық ел сорлысы мұнда екен дейді.

Асан Желмаясына отырып, бүкіл қазақ даласын, орманы мен суын аралап шығады, бірақ Жерұйықты таппай, арманына жетпей көз жұмады.

Бүгінгі таңда Орталық ғылыми кітапханамен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында Асанқайғыға қатысты аңыздардың жиырмадан астам нұсқасы сақтаулы. Олардың арасында И. Өкпенев, Ә. Наурызбаев, М. Сарымсақов, С. Қыпшақбайұлы, З.Раев, М. Құсниев, С. Шәкіржанов, М.Ж. Көпеев, Қ. Жалмағанбетов, М. Ермағанбетов, М.Тілеужанов, М. Мәжікеев, І. Жалғасов, Б. Адамбаев т.б. айтуындағы және жинауындағы нұсқалар бар. «The research is using the descriptive analysis method because this descriptive research is aimed to describe systematically, factually, and accurately, towards a population or certain region about the variety of manner and particular factors» [9].

Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында «Асанқайғы» жырының екі нұсқасы сақтаулы. Аталған жырдың алғашқы нұсқасына келер болсақ, ол бірнеше аңыздың негізінде жырланған. Жыршысы – Жүсіпхан Жұртбаев. Ол халық әдебиеті мұраларын жинаушы. Шығыс Қазақстан облысының Жаңа Семей ауданында туып өскен. Туған жерінде қатардағы жұмысшы болып істеген. Мәтін соңында Жүсіпхан: «Бұл аңызды жасымда қаратаулық бір кожадан естіп едім» деген мәлімет келтіреді. Жинаушысы – Қағен Ахметқалиұлы. Шығарма мәтіні ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Өлең жолдары бір бетке екі қатардан орналастырылған. Мәтін алғаш рет «Бабалар сөзі» жүз томдығының 89-томында басылым көрді. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында [10] сақтаулы. Қолжазба соңында «Жазылған уақыты 1940 жыл, 28 сәуір» деген жазу бар.

Жырдың сюжеттік құрылымына келсек, ол үш оқиғадан тұрады. Бірінші оқиғада: Асанның аң аулап жүріп, бір сұлу қызға кез болуы, үйленуі сөз болса, екінші оқиғада: Асанның Еділ бойында жүріп алтын сандық тауып алуы, сандық ішіндегі сұлу қызға үйленуі, қыздың әкеге берген сертін ұстап, Асанға сөйлемеуі, Асанның: «Неге маған қарамайсың, неге сөйлемейсің?» – деп, әйелін қыстауы, қыздың: «Уақытынан бұрын сөйлеттің, «ішімде үш айлық бала кетті» деп құс болып ұшып кетуі, Асанның сол қыздан айырылып қалғанына қатты қайғыруы сияқты эпизодтар бар. Шығарманың бұл сюжеті «Едіге батыр» жырында да кездеседі. Мұндағы мотивтер Ибрагим Өкпенев [11], Мұхамбетқали Сарымсақов [12] жинаған нұсқалар мен С.Қыпшақбайұлы айтуындағы аңыздардың мазмұнымен ұқсас болып келеді. Айырмашылығы жырда Асан сандықты Еділ бойынан тауып алса, аңызда сандықты Ертіс өзенінің бойында кездестіреді. Үшінші оқиғада: Асанқайғының желмаяға мініп жер дүниені кезіп, ел-жұртына жақсы қоныс іздеуі, тапқан жердің шаруашылыққа жайлы-жайсыз ерекшеліктерін, қасиеттерін көрсетіп сын айтуы т.б. баяндалады. Бірақ бұл жерлер қаншама жақсы, төрт түліктің жайылымына қолайлы болғанымен, Асан оған қанағаттанбайды, қайғыланып-қапаланады. Содан барып, Асанның атына «қайғы» деген сөз жалғанады да, «Асанқайғы» атанып кетеді. Жырдың бұл тұсы М.Ж. Көпеев жинауындағы «Асанқайғы туралы» [13] аңызбен мазмұндас болып келеді.

Жыршы Асанды ел қамқоршысы ретінде көрсетіп, әсірелей мадақтайды. Халық оның алға қойған мақсатына жете алмағанын сөкпейді, болашақта жүзеге асады деп сенім білдіреді.

Жырдың оқиғалар желісінде әлем халықтары, соның ішінде шығыс елдерінің ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларында жиі ұшырасатын, ғайыптан көмек беруші Қызыр Илияс бейнесі мен түс көру мотиві, адамның құсқа айналып кетуі сияқты ертегілік сарындар көрініс тапқан. Мәселен, Асанның көрген түсі былай баяндалады:

– Мен, – деді, – Шілтен қызы, құлағың сал,
Бар еді арамызда аз ахуал.
Үйіңнің төбесіне қойып кеттім,
Тұр дағы, Асан мырза, балаңызды ал! –

деп құс боп ұшып, ғайып болады. Асан дүниеге баласының келгенін түс көру арқылы біледі. Жыршы түс сарыны арқылы оқиғалар желісін әрі жалғап, туындының шарықтау шегіне жетуіне жағдай жасаған. Жүсіпхан Жұртбаев жырлаған «Асанқайғы» жыры көркем тілмен өрілген эпостық

жәдігердің бірі деуге болады.

Ал «Асанқайғы» жырының Ілияс Ысқақов айтуындағы екінші нұсқасына келер болсақ, бұл нұсқа Толысбай Кенжалының «Асанқайғы» атты [14; 171] зерттеу еңбегінде басылым көрген. Түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы. Қолжазбаны 1948 жылы қорға жыршының өзі тапсырған.

«Асанқайғы» туралы жырлардың Ж. Жұртбаев пен І. Ысқақов нұсқаларын салыстырып карағанымызда, екі шығарманың мазмұны ұқсас болғанымен, оқиғалар желісінде, өлең құрылысында және көлемі жағынан біраз өзгешеліктері бар екендігі байқалды:

1. Бұл екі мәтіннің көлемі әртүрлі. Жүсіпхан Жұртбаев нұсқасы 590 жолдан, ал Ілияс Ысқақов шығармасы 3464 жолдан тұрады.

2. Ж. Жұртбаев нұсқасында Асанның балалық шағы қысқаша ғана суреттеледі:

Ержетіп он үш жасқа келген шағы,
Өнерлі, оқымысты асқан бағы.

Құс салып, ит жүгіртіп, мылтық атып,
Ғадеті аң құмарлық мұның дағы.

Аң қарап бір күн шықты сахараға,
Әртүрлі аңдар болар кең далада.

Бір белдің шыға келсе ар жағында
Бір нәрсе жарқырайды бір арада...

І. Ысқақов нұсқасында ол көріністер мен тағы да басқа эпизодтар ұзақ баяндалады.

3. Ж. Жұртбаев нұсқасында Асанның Сыр бойынан тауып алған ғашық қызының есімі аталмайды, І. Ысқақов жырлауындағы мәтінде сұлу қыздың есімі Гүлбану болып келеді.

4. Ж. Жұртбаев нұсқасында «түс көру» мотиві, тыйым салу сияқты магиялық фольклор түрлері мен кейіпкердің түрлі қиыншылықтарға ұшырап, тарыққан кезде көмекке келетін Қызыр Ілияс образы көрініс тапқан болса, І. Ысқақов нұсқасында мұндай көріністер кездеспейді.

5. І. Ысқақов нұсқасында жыршы Асанқайғыны халық қамын ойлаған, шаруаға жайлы жер іздеген адам болғанын, жерлерге айтқан сындарын суреттеуге айрықша көңіл бөледі. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырған Асан Желмаясына мініп алып, ел-жұртына жақсы қоныс іздеп, қазақ жерін шарлап шығады. Қаратауға келгенде, жайлау, қыстау, өрісті көзі шалып:

Қаратау еншіне алған құсың көкек,
Бауырың қара от, ойпан, шөбі көкпек.
Бір түйеге болмаса төрт түлік мал
Қыстауға тар, жазғы шөлде не күнелтпек.
Аты ерте қартаяр жер азғыны,
Адам ерте қартаяр ел азғыны.
Бетеге, көде, шалғын жусаны жоқ,
Ебелек, көкпек, қаңбақ шөп
Жайласа Қаратауды бір-екі ай,
Отырса Сыр бойында ала қыстай,
Сонда ғана болар еді малға жайлы,

Қыс пен жазға бірдей жайлы орын емес екен, – деп, бірер ауыз сын айтып, көп тұрақтамай жүріп кетеді.

Асанқайғы, ең алдымен, жерді шаруашылыққа, соның ішінде малға, оның қай түлігіне пайдалы жағына қарай бағалап сипаттайды. Мәселен, Қарақұйын, Қашырлыны көргенде: «Жылқының жалы менен құйрығы төгіліп тұрған жер екен. Бауырында бір жұтқыш айдаһары бар екен! Онан басқа жылқы үзілмейтұғын жер екен! – депті. – Бір зор теңіз бар, боран болса, оған киліккен жылқы қайда кеткенін жан білмейді десе, Ерейменге келгенде:

Жерден жеті есік бар Ерейменде,
Келіп ем көзге сырты ерейгенге.
Боларлық малға жайлы қоныс па деп,
Көрейін деп алыстан серейгенге.
Қыс болғанда, байыздап жылқы тұрмас,
Жылқы тұрса, биеде құлын тұрмас.
Ораздының жайлауы Шиырлының
Қыстауы бұл бір өзі ерейген тас.
Екі жағын қыстаған ел малды болып,
Шарасы мұндағы елдің малға толмас... –

деп бағалайды. Қарт сыншыға бірде жері ұнаса, елі ұнамайды, ал енді бірде елі ұнаса, жері ұнамайды. Ол жер-қонысқа сын айтқанда, жердің шөбі мен суына, малға жайлылығына ғана мән беріп қоймай, сол қоныстың адам мінез-құлқы мен болашақ өміріне тигізетін әсер-ықпалын да ескеріп отырады.

Асан ата Балқаш көліне келгенде: «Балығы тайдай тулаған, құстары қойдай шулаған несібелі көл екен. Кедейін аш қылмайтын, балығы азық болғанымен, суы ащы, іргесі шөлге тиіп тұр екен, бораны көп болар. Қамысы боранға қалқа, малға азық, қысы болмаса жазы қапырық, ордалы елге орын болмас», – деген екен. Ал, Түндік өзенін көргенде: «Он екі қазылық Ой түндік, маңырап жатқан қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», – деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан таудың аты «Үш қара» атанған екен дейді халық.

Асан жердің жайылымдық жағымен қатар малға қысқы аязда, күзгі суықта пана боларлық ықтасындық ерекшеліктеріне де мән берген. Шу өзенін көргенде:

Өзен екен айнала жері борбас,
Жағасы қара қамыс, аң, жолбарыс,
Пышағын қынабынан алып ет жемейтін
Көжесі көп баланың іші қуырылмас.
Жер екен бұл араға тұрып болмас, – депті.

Жырда Қаратау, Шымкент, Сайрам, Жетіқоңыр, Қарақойын, Ереймен, Баян тауы, Семей тауы, Шыңғыс тауы, Қарқаралы т.б. жер-сулардан басқа Ертіс, Есіл, Түнлік, Шу, Терісаққан, Нұра, Шідерті, Өлеңті т.б. өзендер мен таулар аталады, олардың әрқайсысына сын айтып, баға беріледі.

«Міне, осынша жер-суларды, тау-тастарды, қалалар мен қыстақтарды атап, олардың бас-басына айтқан сындарына қарап, Асанқайғыны Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір шапқыншыларының қанды жорықтарынан тарап, бытырап кеткен қазақ рулары мен ұлыстарын ежелгі ата мекеніне қайта бастап келген көшбасшы, қоныстандырушы, құлаған қазақ хандығын қайта қалпына келтірген Майқы бидің ісін ілгері бастырушы, дамытушы деп қарауға, бағалауға болады [15; 106].

Жырдың екі нұсқасын салыстыра зерттеу нәтижесінде, Ілияс Ысқақовтың «Асанқайғы» туралы жыр-аңыздардың мазмұнымен жақсы таныс болғаны аңғарылады. Сол аңыздардың сюжетін есінде сақтай отырып, аңыз мәтіндерін көркем тілмен, өз фантазиясын қоса отырып өлеңге айналдырғанын көреміз. Ілияс жырлауындағы ерекшеліктің бірі жыр оқиғасын дамыту үшін қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің түрлерін: амандасу, қоштасу, толғау, арнау сияқты үлгілерін молынан қолданған. Ілияс жырлаған «Асанқайғы» жыры жоғары деңгейлі көркем тілмен өрілген туынды. Мәтінде аздаған араб, парсы және жергілікті сөздер кездескенімен, тілі таза және ұғымды.

Жырдың 2006 жылы басылым көрген мәтіні мен Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы (131-бума) түпнұсқамен жолма-жол салыстырып, мәтінтанулық жұмыс жүргізгенде, төмендегідей кемшіліктер кеткенін көреміз:

1. Басылымдағы 2035-жолдан кейін:

Заманның ертеде бір өткен ері,
Орта Азия, Сарыарқа жүрген жері.
Шешен тіл шебер сөзге өрнек салған
Қазақтың аты шыққан кемеңгері, – [14]

деген, ал 2535-жолдан кейін:

Онан кейін еш адам көрген емес,
Гүлбанудың жанға сырын берген емес.
Ел жатыр енді Асанды іздемек боп,
Тигеннен соң осы сөз құлаққа елес, – [10]

деген өлең шумақтары қалып кеткен. Сол себепті, біріншіден өлең ұйқасының бұзылуына әсер етсе, екіншіден, ішкі логикалық көркемдігі біртұтастығынан айрылған.

2. Басылым мәтінінде өлең жолдарының өзгертілген тұстары кездеседі:

Оған мысал ретінде мынандай өзгертілген өлең жолдарын кездестіруге болады. Түпнұсқаның 364-жолындағы «Мұңымды жатқа айтуға жасқанамын» деген өлең жолындағы «мұңымды» сөзі «жөнімді», 700-жолдағы «Әркімнен біліп алдым жөнім сұрап» деген жолдағы «әркімнен» сөзі «еркінен», ал 1379-жолдағы «сертінен» сөзі «еркінен» болып өзгертілген. Осы сынды өзгертулер көптеп кездеседі. Мұндай түзетулерді білместіктен гөрі, фольклорлық мұраны өңдеуге бола бермейтін халықтың құнды ескерткіші екенін түсінбегендіктен жіберілген қателер деп есептейміз.

3. Текстологиялық електен өткізгенде, аталған басылымда түпнұсқа мәтінінде кездесетін төмендегідей өлең жолдарының түсіп қалғаны анықталды. Олар: 2640-жолдан кейін келетін «Кетпесе шал мен кемпір мүлдем ұмытып», 2762-жолдан кейінгі «Еңсесі кемпір шалдың есі кетті, Түйелі әңгімесін айтқан сайын» т.б.

Осындай өлең жолдарының түсіп қалуы, түпнұсқадағы сөз тіркестері, жеке сөздердің өзгертілуі жырдың көркемдік құрылысына едәуір нұқсан келтірген. Жырдың басынан аяғына дейін созылған осы сынды кемшіліктер жинаушының қолтаңбасын дұрыс түсінбегендіктен кеткен қателер деп ойлаймыз. Аталған кемшіліктер мәтінді жинаққа дайындау барысында қалпына келтірілді.

«Асанқайғы» туралы жырдың екі нұсқасында да Асанқайғы Желмаясына мініп қазақ даласының бүкіл жерін аралаған ақылгөй дана қарт болып суреттеледі. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады, әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Еліне жақсы қоныс іздейді. Ол елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамы жүз жасайтын, қойы екі төлдейтін» мамыражай еркін өмір сүруін аңсайды. Осындай жерді ол өзінің қиялымен ғана тапқан болады. Оның атын Асан «Жерұйық» деп атайды. «Жерұйықтай» жер болса, шаруаға ырыс бітер еді деп арман етеді. Бұл арманына ол кезде жете алмайтындығына қайғыланады, қапаланады. Елінің болашағы үшін қатты қайғырып толғаған абызды халық «Асанқайғы» атаған. Жыр нұсқалары:

Қыдырып желмаямен дүние жүзін,
Асанның жұрт біледі айтқан сөзін.
Жатқызбай ойындағы қалың арман,
Атанып Асанқайғы содан қалған, – деп тамамдалады.

Халықтық ортада туған туындыда Асанқайғыны елінің келешегін күнібұрын ойлаған тұлға ретінде суреттейді. Асанды ел қамқоры деп ардақтайды. Аталған жыр нұсқалары толық күйінде алғаш рет «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған «Бабалар сөзі» жүз томдығының

89-томында жарияланды.

Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен «Frankfurter Buchmesse-2014» халықаралық кітап көрмесінде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының әлемдік тұсаукесері болды. Ұлттық байлықты бір жерге топтап, жүйелеп, академиялық басылым ретінде 100 том етіп жарыққа шығарған әлемдегі жалғыз ұлт қазақ екені айшықталды.

Жалпы, шетелдік ғалымдар тарапынан жинақтың ғылыми, мәдени маңыздылығы туралы пікірлер айтылып жатты. Түркия мен Әзербайжан, Өзбекстанның ғалымдары мен жазушылары «Бабалар сөзі» жүзтомдығына өте жоғары баға берді. Ал түрік ғалымы Г. Гүлсевин: «dediğine göre, medeni değerlerimizin bir tanesi de Babalar Sözü adlı yüz ciltten oluşan kitaptır. İşbu seri kitap Kazak halkının geçmişi ve manevi kültürü tarihini adil hem etraflıca değerlendirmeye bolca imkanlar sunmaktadır. Milli kültür tarihinin yeniden doğuşuna katkıda bulunacaktır. Babalar Sözü adlı bilimsel baskıdaki hikayelik destanların dili Orta Çağlı Türki halklar için yakın bir dildir» [16; 11-15] – деген оң пікірін білдірді.

Қорытынды

Мақалада ақын, философ Асанқайғының түрлі әңгіме-аңыздардың (қазақ, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз) кейіпкері екені баяндалған. Асанның Жерұйықты іздеп жер жүзін шарлағаны, бірақ халқына жайлы мекен таба алмай, қайғырумен күн кешуі, сол себепті «Асанқайғы», яғни қайғы-қасіретті атанғандығы түсіндіріледі. Асанқайғы туралы аңыз-жырлардың негізгі сарыны халыққа жайлы қоныс іздеу, олардың бақытты өмір сүру идеясы екені көрсетіледі.

Сонымен қатар «Асанқайғы» туралы аңыз-жырлардың қолжазбалар қорында сақтаулы отызға жуық нұсқаларының жиналуы, жырлануы, хатқа түсуі, жариялануы, зерттелуі туралы ғылыми талдаулар жасалды. Аңыз-жырдың нұсқаларының көп болғанына қарамастан, оларда ортақ мотивтер мен ұқсас оқиғалар мен эпизодтар жиі кездесетіні, аңыз-жыр нұсқалары қанша өзгеріске ұшыраса да, оның бас кейіпкерінің бейнесі өзгермейтіні көрсетілген, яғни Асан Қайғы – ақылгөйлік пен қамқорлықты өн бойына тоғыстырған образ. Ол – халықтың басына қиыншылық түскенде елге жөн сілтейтін, ханға кеңес беретін тұлға ретінде биік деңгейге көтерілген бейне екені дәлелденді.

Қорыта айтқанда, Асанқайғының «Жерұйықты» іздегені туралы аңыз-жырлар – қиындық пен қыспаққа, зорлық пен зобалаңға ұшыраған елдің азаттықты аңсаған, кең заманды көкसेген ой-арманының бейнелік сипаттамасы болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Валиханов Ч.Ч. (1961) Собрание сочинении. Т.1. Алма-Ата.
2. Хусаинов Г.Б. (1996) Башкирская литература XI-XVIII веков. Уфа.
3. Сикалиев А.М. (1994) Ногайский героический эпос. Черкесск.
4. Нурмухамедов М. (1968) Каракалпак жазба адабиятының дорсун хаккында. Амударья.
5. Акматалиев А., Сарыпбеков Р. (2012). Асан Кайғы // Қырғыз адабиятының тарыхы. Қырғыз эл ырчылары. V том. Бишкек.
6. Асанқайғы Сәбитұлы. 242-бума, 910/15-бума т.б. (М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры).
7. Тарихи тұлғалар (2011) Танымдық-көпшілік басылым / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. Алматы.
8. Толысбайұлы Б., Жармұхамедов М. (1998) Асанқайғы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы.
9. Suprani (2019) Moral Message on Banten Folklor and its Learning Proses of Character - Oriented at Elementary School // *Opcion*. Vol. 35 (2019): Edición Especial Nro. 22.
10. Асанқайғы. 131-бума (Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры).
11. Асан Қайғы. 242-бума (М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры).
12. Асан қайғы. 333-бума (Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қоры).
13. Асанқайғы туралы. 1202-бума (М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры).
14. Кеңжалы Т. Асанқайғы. (2006). Алматы.
15. Адамбаев Б. (1981). Тарихи аңыз-әңгімелер // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы.
16. Gulserin G. (2019). Turk dili kulturinin ortak hazinesi atasozleri // Бабалар сөзі – рухани жаңғырудың қайнар көзі: Халықаралық симпозиумның жинағы (16-17 мамыр.) Алматы.

References

1. Valikhanov Ch.Ch. (1961) Sobranie sochinenii. T.1. Alma-Ata. (In Russian)
2. Khusainov G.B. (1996) Bashkirskaia literatura XI-XVIII vekov. Ufa. (In Russian)
3. Sikaliyev A.M. (1994) Nogajskij geroicheskiy epos. Cherkessk. (In Russian)
4. Nurmukhamedov M. (1968) Karakalpak zhazba adabiyatynyn dorsun khakkynda. Amudarya.
5. Akmataliev A., Sarypbekov R. (2012). Asan Kajgy // Kyrgyz adabiyatynyn tarykhy. Kyrgyz el urchylary. V tom. Bishkek. (in Kyrgyz)
6. Asankajgy Sabituly. 242-buma, 910/15-buma t.b. (M.O.Auezov atyndagy Adebiet zhane oner institutynyn kolzhazba kory). (In Kazakh)
7. Tarikhi tulgalar (2011) Tanyndyk-kopshilik basylym / Kurastyrushy: Togysbaev B., Suzhikova A. Almaty. (In Kazakh)
8. Tolysbajuly B., Zharmukhamedov M. (1998). Asankajgy // Kazakstan. Ultyk enciklopediya. Almaty. (In Kazakh)
9. Suprani (2019) Moral Message on Banten Folklor and its Learning Proses of Character - Oriented at Elementary School // Opcion. Vol. 35 (2019): Edición Especial Nro. 22.
10. Asankajgy. 131-buma (Ortalyk gylimi kitapkhananyn kolzhazba kory). (In Kazakh)
11. Asan Kajgy. 242-buma (M.O. Auezov atyndagy Adebiet zhane oner institutynyn kolzhazba kory). (In Kazakh)
12. Asan Kajgy. 333-buma (Ortalyk gylimi kitapkhananyn kolzhazba kory). (In Kazakh)
13. Asankajgy turaly. 1202-buma (M.O. Əuezov atyndagy Ədebiet zhəne əner institutynyn kolzhazba kory). (In Kazakh)
14. Kenzhaly T. Asankajgy. (2006). Almaty. (In Kazakh)
15. Adambaev B. (1981). Tarikhi anyz-angimeler // Kazak folklorynyn tipologiyasy. Almaty. (In Kazakh)
16. Gulserin G. (2019). Turk dili kulturinin ortak hazinesi atasozleri // Babalar soz – rukhani zhangyrudyn qajnar kozi: Khalykaralyk simpoziumnyn zhinagy (16-17 mamyr.) Almaty. (In Turkish)

Сюжетные особенности мифов об Асанкайгы (текстология)

К.Б. Алпысбаева Т.Т. Акимова

Институт литературы и искусства им.М.О. Ауэзова, г.Алматы, Казахстан
alpysbaeva-k@mail.ru, togjan_akim@mail.ru

В статье рассматриваются два варианта сказания о знаменитом Асанкайгы, появившиеся на основе многих ранее бытовавших версий. Выясняются схожесть и различия сюжетов этих вариантов. Текст сказания был построчно сверен с изданием «Асанкайгы» 2006 года и рукописью оригинала, хранящегося в Центральной научной библиотеке НАН РК. На основе текстологического анализа были выявлены и доказаны некоторые разночтения, имеющиеся в упомянутом издании. Авторы описывают работу по исправлению допущенных ошибок. Также рассказано о проделанной работе по публикации текста в рамках 100-томного издания «Бабалар сөзі» по госпрограмме «Мәдени мұра».

Ключевые слова: сказание, текстология, легенда, сюжет, оригинал, фольклор, «Бабалар сөзі».

Plot features of myths about Asankaigy (textology)

К.Б. Alpysbayeva, T.T. Akimova

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
alpysbaeva-k@mail.ru, togjan_akim@mail.ru

The article discusses two versions of the legend of the famous Asankaigy, which appeared on the basis of many previously existing versions. The similarity and differences of the plots between these variants are clarified. The tale was checked line by line with the 2006 edition «Asankaigy and the original manuscript» stored at the Central scientific library of NAS RK. On the basis of textual analysis, some discrepancies in the mentioned edition were identified and proved. We are talking about what work has been done to correct the mistakes made. It is also reported on the work done on the publication of the text within the 100-volume edition of «Babalar Sozi» under the state program «Madeni Mura».

Keywords: legend, textology, legend, plot, original, folklore, «Babalar sozi».

Редакцияға 08.01.2021 түсті.